ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы. А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Сынып жетекші: Орманова Г.Н.

Пәні: Жаратылыстану

Сынып: 4 «С»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

Пәні жаратылыстану
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат
Назарбаев Зияткерлік мектептері Астана, 2025ж
Авторлары:
Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А., Тураканова Г.А., Хонтай М., Сламбекова Н.М.

Жылдық	Тоқсандық	Бөлім	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан 8 сағат							
1	1	Жанды табиғат. Өсімдіктер	Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктер	4.2.1.4 төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктерді ажырату; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдаусебебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1	01.09.2026	
2	2		Өсімдік қалай дамиды?	4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін және таралу жолдарын сипаттау; 4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1	08.09.2026	
3	3		Өсімдік тұқымы қалай таралады?	4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін және таралу жолдарын сипаттау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1	15.09.2026	
4	4		Өсімдіктерді қалай қорғаймыз?	4.2.1.5 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1	22.09.2026	
5	5	Жанды табиғат. Жануарлар.	Бунақденелілер қалай дамиды?	4.2.2.2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1	29.09.2026	
6	6		Тірі ағзалар қандай қарым-қатынасқа түседі?	4.2.2.3 өсімдіккоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1	06.10.2026	
7	7		Қоректік тізбек деген не?	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4.2.2.5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру;	1	06.10.2026	

			Практикалық жұмыс	4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбекмоделін құрастыру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.		13.10.2026	
8	8		Жануарларды қалай қорғайды?	4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу; 4.2.2.7 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру және жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1	20.10.2026	
		II тоқсан 8 сағат					
9	1	Жанды табиғат. Адам.	Зәр шығару жүйесі қалай жұмыс істейді?	4.2.3.1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлінсипаттау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
10	2		Жүйке жүйесі қалай жұмыс істейді?	4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлінсипаттау; 4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау.	1		
11	3	Заттар және олардың қасиеттері. Заттардың типтері. Ауа. Су	Заттың қасиеттері	4.3.1.1 заттардың қасиеттеріне сәйкес оларды қолдануға эксперимент жүргізу; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
12	4		Ауа қалай қозғалады?	4.3.2.3 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4.3.2.4 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
13	5		Ауаның маңызы қандай?	4.3.2.1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолданужолдарын анықтау; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау және тазалығын сақтау жолдары мен оны тазарту шараларын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		

14	6		Табиғаттағы су айналымы	4.3.3.1 табиғаттағы су айналымы мен жауын-шашын түзілупроцесін сипаттау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдаусебебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1		
15	7		Судың еріткіштік қасиеті **Практикалық жұмыс**	4.3.3.3 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу; 4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау.	1		
16	8		Су қалай ластанады?	4.3.3.2 судың ластану көздерін анықтау және оның түрліағзаларға әсерін түсіндіру; 4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау.	1		
		III тоқсан 10 сағат					
17	1	Табиғат физикасы. Жарық. Дыбыс. Жылу. Электр	Жарықтың шағылуының маңызы	4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1		
18	2		Жарықтың жұтылуы деген не?	4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
19	3		Көлеңкені өзгертуге бола ма?	4.5.2.1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдаусебебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1		
20	4		Дыбыстың шағылуы деген не?	4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы ментаралуына әсерін зерттеу және түсіндіру; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдаусебебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1		
21			Дыбысты бәсеңдетуге	4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы	1		

	5		бола ма?	ментаралуына әсерін зерттеу және түсіндіру; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.			
22	6		Жылуөткізгіштік деген не?	4.5.4.1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланыстынегіздеу; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
23	7		Электр тогын қандай денелер өткізеді?	4.5.5.1 түрлі материалдардың электр өткізгіштігін зерттеу; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
24	8	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары	Пайдалы қазба деген не? **Практикалық жұмыс**	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемдіқолданудың жолдарын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
26	10		Пайдалы қазбаларды қалай сақтауға болады?	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемдіқолданудың жолдарын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
		IV тоқсан 8 сағат					
27	1	Жер және ғарыш. Жер. Ғарыш. Кеңістік және уақыт	Жер ғаламшары қандай?	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		

28	2		Ғарышта не бар?	4.4.2.1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау және оның тіршілікке әсерін анықтау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.	1		
29	3		Жер Күнді айналғанда не өзгереді?	4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формадаұсыну.	1		
30	4		Жыл мезгілдері	4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру;4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формадаұсыну.	1		
31	5	абиғат физикасы. Күш және қозғалыс	Кері итеруші күш деген не?	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4.5.1.2 судағы әртүрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу	1		
32	6		Архимед заңы қалай ашылды?	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4.5.1.2 судағы әртүрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу	1		
33	7		Архимед заңын қалай қолданады? **Практикалық жұмыс**	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4.5.1.2 судағы әртүрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау; 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу.	1		
34	8		Біз не оқып үйрендік?	4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізіндеанықтау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін және таралу	1		

				жолдарын сипаттау; 4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөліносипаттау; 4.3.2.4 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру; 4.3.3.1 табиғаттағы су айналымы мен жауын-шашын түзілупроцесін сипаттау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемдіқолданудың жолдарын ұсыну; 4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4.4.2.1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау және оныңтіршілікке әсерін анықтау; 4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысалкелтіру; 4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерінзерттеу және түсіндіру			

Білім беру ұйымының атауы	ZIYATKER TURAN
Пәні:	**Жаратылыстану**
Бөлім:	Өсімдіктер
Педагогтің аты-жөні:	Орманова Г.Н.
Күні:	22.09.2026
Сынып:	4 сынып
Сабақтың тақырыбы:	**№4 сабақ. Өсімдіктерді қалай қорғаймыз?**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.1.5 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну.
Сабақтың мақсаты	өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсынады 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсынады
Құндылықтар: **Қыркүйек айы: Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік**	**Сабаққа негізделген құндылық:** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Өз өлкесінің өсімдік топтарын зерттеу және сипаттау барысында туған жердің табиғи байлығын қадірлеу (ұлттық мүдде) сезімін арттыру. Өсімдіктердің тіршілік ортасына бейімделу жолдарын салыстыру бойынша зерттеу жұмыстарын орындау барысында оқушылардың ізденімпаздық пен еңбеккорлық қасиеттерін дамыту. **Апта дәйексөзі**: 4-апта: **«Еңбек түбі - береке, көптің түбі - мереке» - Ыбырай Алтынсарин**

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту «Сиқырлы сандықша» Оқушылаға сандықтың ішінде ең әдемі, ақылды, сұлу адамның бар екендігі айтылады. Әр оқушы сандықтың ішіндегі айнадан өз бейнесін көріп, көңілдері көтеріледі.	Айнаға қарап, көңілін көтереді	Мақтап, мадақтап отыру Тамаша!	суреттер Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы Бақшадағы өсімдіктер қалай көбейіп жатқанын бақылап, жазып кел	Үй тапсырмасын көрсетеді	Дескриптор: Бақшадағы өсімдіктер қалай көбейіп жатқанын бақылап, жазып келеді-1б	Суреттер Оқушы жұмысы
Сабақтың ортасы 20 минут	**Тақырыпты ашу** Өсімдіктер жайлы бейнематериал көрсетіледі. Өсімдіктер Жер бетіндегі барлық тірі ағзаларды қорекпен қамтамасыз етеді. Тек өсімдіктер ғана күннің энергиясын сіңіріп, топырақтан су мен минералды тұздардан органикалық зат өндіреді. Осы органикалық заттар түріндегі энергия жануарлардың тіршілігін қамтамасыз етеді. Сол себепті басқа ағзалардың тіршілігі өсімдіктерге тәуелді Оларды қорғау шаралары туралы түсіндіріледі	Жаңа тақырыпты игереді	ҚБ: «Гүл жинау» әдісі 	оқулық оқулық

	Жаңа тақырып 1-тапсырма «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша оқушылар жаңа ұғымның өзіне тән ерекшеліктерін, қасиеттерін, қызметін, маңызын танып анықтайды, зерттейді *Өсімдік түрі* | *Дәрілік* | *Қызыл кітапқа енген* | *Жоғарғы саты дағы* | *Төменгі саты ндағы* Жалбыз | + | | | Итмұрын | | | | Шырша | | | + | Бетеге | | | | Қандыағаш | | | | | | | | |	Семантикаық карта толтырады Өздерін бағалайды	Дескриптор: Өсімдік түрлерін ажырата алады-1б Картаны өз бетінше толтырады-1б  	оқулық кесте
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту 2-тапсырма Венн диаграммасы. Оқушылар Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен енбеген өсімдіктерді ажырата отырып жазып, олардың ортақ қасиеттерін сипаттауы керек. Өсімдіктер: Қызыл қайың, итмұрын, жүзім, қандыағаш, бетеге, лалагүл, жуа, жоңышқа, құндызшөп, рауғаш, қызғалдақ, алоэ, асқабақ, арша, жалбыз  	Өсімдік тіршілігі туралы айтады	Дискриптор: 2.Өсімдіктердің ерекшелігін түсінеді-1б 3.Өсімдіктерді қалай қорғау керектігін түсінеді-1б	Венн диаграммасы сызылған плакат
Сабақты қорыту **6минут**	ФС тапсырмасы 3-Тапсырма.(ЖЖ) «Жұптас-Ойлан-бөліс» бойынша оқушылар жұптасу арқылы тапсырманы орындау. Жоба жаса Мен өсімдіктерді қалай қорғаймын?	Жұптық тапсырма орындайды	Дискриптор: Жазылым кезінде сөздердің дұрыс жазылуына және тыныс белгілерінің қойылуына назар	Табиғатты қорғау туралы бейнежазба

	Оқушылар дайындап әкелген таратпа парақтарына ағашқа бекітілген жапсырмаларға адамдардың табиғатта өзін ұстау ережесін жазады. (Жауаптары: табиғат аясында қоқыстарды, сынған шыны заттарды, пластикалық бөтелкелерді қалдыруға болмайды; орманда от жағуға болмайды, амалсыз от жағуға тура келген жағдайда оны өшіріп кетіңіз; жапырақтарды, гүлдерді, өсімдіктерді жұлуға болмайды; өсімдіктерді қазып алуға болмайды) ЕБҚ Жантақ туралы не айта аласың? Оның пайдасы бар ма? ЕҚБ Өсімдіктерді қорғау үшін сен не істер едің? Өз ойыңмен бөліс. ФС тапсырмасы «Қызыл кітапқа енген өсімдіктер» бейнежазбасын көрсету Тапсырма: Біздің тұрғылықты жерімізде қорғауға алынған өсімдіктер бар ма? Оларды ата. Сипатта. **Қосымша тапсырма** Табиғатта өсімдіктердің жойылуына әкелетін адам әрекеттері туралы жазуды тапсырыңыз. Бірнеше бағытты таңдаңыз: 1. Суды орынсыз пайдалану. 2. Тіс пастасы мен гигиена құралдары. 3. Автокөлік. 4. От жағу. 5. Қоқысты жою. 6. Иіссу және парфюмерия құралдары. 7. Кір жуатын және үй жинауға арналған құралдар. Оқушылар БАҚ материалын, ғаламтор ресурстарын, экологиялық энциклопедияларды пайдалана алады. Таныстырылымды А3 не А4 пішіндегі парақтарға жасайды. Бұл парақтарды біріктіріп, экологиялық жағдайға әсер ететін факторлар туралы буклет немесе көрме құрастыруға болады.	Жоба қорғайды Жеке жұмыс жасайды Өз ауылымызда ғы өсімдіктер туралы айтады Қосымша тапсырма орындайды	аударады-1б Мәтінді дұрыс құрастырады-1б  Жарайсың! Керемет! Дескриптор: Өзі тұратын жердегі өсімдіктер туралы біледі-1б Өз ойын еркін, толық жеткізеді-1б  Дескриптор: Табиғатта өсімдіктердің жойылуына әкелетін адам әрекеттері туралы жазады-1б	Сызбалар Суреттер Өсімдіктер дің суреттері бейнежазба Суреттер Түрлі заттар
Қосымша тапсырма 2минут				

Кері байланыс 5 минут		Кері байланыс жасайды	Сабақ туралы ойларын айтады Ауа райы»әдісі Шуақты күн-керемет Бұлтты күн-жарайсың Жаңбырлы күн-талпын	Кері байланыс парақтары

Білім беру ұйымының атауы	ZIYATKER TURAN
Пәні:	**Жаратылыстану**
Бөлім:	Жануарлар
Педагогтің аты-жөні:	Орманова Г.Н.
Күні:	06.10.2026
Сынып:	4 С
Сабақтың тақырыбы:	**№6-7 сабақ.** Тірі ағзалар қандай қарым-қатынасқа түседі?/ Қоректік тізбек деген не?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.2.3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формадауысыну.
Сабақтың мақсаты	Тірі ағзалардың арасындағы қарым-қатынас түрлерін білетін болады
Құндылықтар: **Қазан айы: «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**	**Сабаққа негізделген құндылық:** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Тірі ағзалардың әрбір түрінің бірегей екенін түсініп, оларға зиян келтірмеуге, аялауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі: 6 апта:**«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту Амандасудан кейін оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді	Сәттілік тілейді	Мақтап,мадақтап отыру	суреттер Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Тапсырма: Бунақденелілер туралы өз біліміңді ортаға сал. Олардың қалай дамитынын айт.	Өткенді пысықтайды	Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді-1б ҚБ: Жарайсың! «Мегами» әдісі	«Қызыл кітап» бейнебаяны
Сабақтың ортасы 24 минут	**Тақырыпты ашу** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу** Түсінік Табиғаттағы барлық тірі ағзалар бір-бірімен үнемі қарым-қатынаста болады. Кейде мұндай қарым-қатынастың пайдасы да тиеді. Мысалы, жануарлардың үстінен құстарды жиі байқаймыз. Бұл қарым-қатынас екеуіне де жағымды, яғни құстар өзіне қорек табады, ал жануар денесіндегі зиянды жәндіктерден тазарады. Сол сияқты көбелек гүлдің шірнесімен қоректенсе, гүл көбелектің көмегімен тозаңданады. Осындай қарым-қатынастарды **симбиоз**	Өз ойларын айтады Тақырып бойынша түсінігін айтып береді	Дескриптор: Тірі ағзалардың арасындағы қарым-қатынас түрлерін білді-1б	оқулық оқулық

	деп атайды Суреттегі ағзалар бір-бірімен қандай қарым-қатынас жасайды Жаңа тақырып ФС тапсырмасы 1-тапсырма Зертте Оқушы топтарына суреттер таратылады (мысалы, қасқыр мен қоян, бүркіт пен жылан, гүл мен ара, бөкеннің үстінде жүрген ұсақ құстар). *Жұмыс барысы* 1. Суреттерді зерделеу. 2. Жануарлардың өзара әрекет етуін сипаттау. 3. Жануарлардың өзара әрекеттесуін бағалау. Топтар жұмыс нәтижесімен таныстырған соң, ортақ қорытынды жасалады: кейде қарым-қатынас екі жануарда пайдалы болады, кейде қарым-қатынасқа түскен екі жануардың біреуі зардап шегеді, екіншісіне пайдалы болады (азық етеді). Оқулықтағы сурет бойынша да талқылау жүргізуге болады. Оқушылар сиыр мен қараторғайдың өзара қатынасы екеуіне де тиімді (қараторғай паразиттерді теріп жеп қоректенеді); қаршыға мен тышқанның өзара қатынасы тек бір тарапқа пайдалы (қаршығаға пайдалы, ал тышқан зардап шегеді) деген қорытындыға келеді. Ақпарат көзімен жұмыстан немесе мәтінмен танысқан соң, оқушылар ағзалар арасындағы осы қарым-қатынастардың атауын нақтылайды. 1. Симбиоз мысалы: сиыр және қараторғай. 2. Жыртқыштық мысалы: қаршыға және тышқан ЕБҚ Үйдегі мысық пен иттің қарым-қатынасы туралы айт **ЖИ: «wordwall.» ойыны** 2-тапсырма Жікте Суреттердегі тірі ағзалар арасындағы қарым-қатынас мысалдарын сипатта. Оларды қандай топтарға біріктіруге болады? Көмекші сөздерді пайдалан. Жауабынды түсіндір. Бәсекелестік топ: тауешкілер,теңіз тасбақасы мен ұсақ балықтар Симбиоз: бөкен мен африкалық торғай,көбелек пен гүл Бейтараптық топ: бұлан мен құр,сары бауыр шымшық пен тиін,балықтар мен ***Сабақты қорыту*** **6**минут	Ит пен мысық туралы білімдерін ортаға салады Жеке жұмыс жасайды Тірі ағзаларды жіктейді Топтарға бөледі Жеке жұмыс жасайды Сұраққа жауап береді	Дескриптор: Жануарлардың өзара әрекет етуін сипаттайды -1б Олар туралы айта алады-1б  Дескриптор: Тірі ағзаларды топқа бөле алды-1б Жануарлар өмірін таниды-1б  Дескриптор Тақырыпты өмірмен байланыстыра алды-1б Жануарларға бақылау жасай алады-1б  	оқулық  Суреттер Оқулық https://wordwall.net/resource/59072316/% Суреттер Оқулық

	актиния			
Қосымша тапсырма 2минут	ЕҚБ Жануарлар мен өсімдіктер әлеміндегі симбиоз болатындарын ата, тақтаға жаз. Көбелек пен гүл Сиыр мен торғай Тоқылдақ пен саңырауқұлақ	Өз ойларын айтады		Шөп-инелік-торғайдың суреттері
Кері байланыс 5 минут	Өз айналамыздағы тірі ағзалардан симбиоз байқадың ба? Олар туралы айта аласың ба? Жауап оқушының зерттеушілігіне байланысты ҚЖ: Шөп-инелік-торғай үшеуі бір-біріне қалай симбиоз бола алады? Суретін салып көрсет. Жауабыңды жаз. Ж: Шөпке қонған инелік оны тозандандырады. Ал торғай инелікпен қоректенеді.	Үй тапсырмасын алады КЕрі байланыс жасайды	Дескриптор: Шөп-инелік-торғай үшеуінің симбиоздық қарым-қатынасын айта алды-1б Симбиоз ұғымын түсінеді-1б	Суреттер
	Үй тапсырмасы Үй айналасындағы өсімдіктер мен жануарлардың өзара симбиоздық қарым-қатынасын бақыла. Көргеніңді дәптерге түсір. Қорытындысын жазып кел. 		 «Білім пирамидасы» әдісі	Стикерлер